



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## №29 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

### Базалық мөлшерлемені 10,25% деңгейінде сақтау туралы

2017 жылғы 9 қазан

Алматы қ.

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1%-дық дәлізбен 10,25% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Жылдық инфляцияның нақты және болжамды (бір жарым жыл көлеміндегі) деңгейлері 2017 және 2018 жылдарға арналған нысаналы дәліз шеңберінде. Халықтың инфляциялық күтулері тұрақты деңгейде қалыптасуда. Инфляция факторлары сыртқы сектор тарапынан қолайлы факторлар ретінде бағаланады. Ақша-кредит талаптары бейтарап деңгейде.*

*Алайда ұсыныс факторлары тарапынан сақталып отырған инфляциялық тәуекелдер, сондай-ақ валюта нарығындағы құбылмалылықтың артуы базалық мөлшерлемені ағымдағы жылдың соңына дейін төмендету әлеуетін шектейді.*

Жылдық көрсеткіш бойынша **инфляция** қыркүйекте 7,1% деңгейінде, айлық инфляция 0,3% деңгейінде қалыптасты. Инфляциялық аяның сақталуына ағымдағы жылы азық-түлікке жатпайтын тауарларға деген сұраныстың біртіндеп ұлғаюы нәтижесінде олардың қымбаттауы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тарифтерінің өсуі ықпал етті. Бұл ретте инфляцияның артуы азық-түлік бағасының маусымдық төмендеуімен шектелді.

Жылдың басынан бері өсу қарқынының төмендеуін көрсеткен жылдық көрсеткіштегі базалық инфляция (құбылмалы және реттелетін құрауыштарды есептемегендегі) тамызда өзгеріссіз қалды.

Ағымдағы жылдың соңына дейін инфляциялық ая қалыпты болып қалады. Белгілі бір инфляциялық тәуекелдердің сақталуы астыққа қатысты белгісіздікке, азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларының жеткіліксіз жүктемесіне, жанар-жағар май материалдары және азық-түліктің жекелеген түрлері нарығындағы ахуалға байланысты.

Бұған қарамастан, Ұлттық Банктің бағалауы 2017 жылға (6-8%), сол сияқты 2018 жылға (5-7%) арналған нысаналы дәліз шегінде инфляцияның сақталуын көрсетеді.

**Инфляциялық күтулер** орнықтылықты сақтауды жалғастырып отыр. Бір жыл алға инфляцияны сандық бағалау қыркүйекте өзгерген жоқ (6,5%) және 2018 жылға арналған нысаналы дәліз шегінде тұр.

Тұтынушылық кредиттеудің өсуі және ынталандырушы фискалдық саясат **жиынтық сұраныстың** артуының негізгі драйверлері болып табылады. Оның үстіне, кредиттеудің одан әрі кеңеюіне халықтың жалақысы мен кірістерінің нақты көрсеткіште төмендеуі, сондай-ақ банктердің шектеулі капиталы кедергі болып отыр.

**Экономикалық белсенділік** индексі нақты көрсетуде жоғары деңгейде сақталып отыр. Тамызда елдегі жиынтық ұсынысты сипаттайтын қысқа мерзімді экономикалық индикатордың артуы жылдық көрсетуде 7,8% болды. Бұған қарамастан, өнеркәсіптік өндірістің, сыртқы сұраныстың және бөлшек сауданың өсуі құрылыстағы, ауыл шаруашылығындағы белсенділіктің баяулауы, сондай-ақ әлсіз инвестициялық белсенділік аясында орын алуда.

**Сыртқы сектор** тарапынан тауар және шикізат нарығындағы ахуал қолайлы әсер етуі мүмкін. Байқалып отырған мұнай бағасының бір баррель үшін 55 доллардан астам деңгейде қалыптасуы, күтіліп отырған астық өнімдерін әлемдік өндірудің рекордты көлемі және қант нарығында артық өндірудің нәтижесінде азық-түліктің әлемдік бағасының серпіні Қазақстанда инфляциялық қысқа және орта мерзімді перспективада төмендеуіне қолайлы әсер етуі мүмкін.

**Ақша-кредит талаптары** бейтарап деңгейде. 2017 жылғы тамызда салымдардың долларлану деңгейінің аздап өсуі, негізінен, оларды валюталық қайта бағалау салдарынан болды. Салымдар бойынша пайыздық мөлшерлемелердің құрылымы теңгемен жинақтарға оң әсер етуді жалғастыруда. Жыл басынан бері бизнеске арналған кредиттер бойынша мөлшерлемелерді төмендету базалық мөлшерлеменің серпінінен кейін орын алуда, ал ағымдағы жылдың ішінде жеке тұлғалар үшін кредиттік мөлшерлемелердің салыстырмалы түрде өзгеріссіз деңгейінің сақталуы халық кірісінің өсу қарқындарының төмен болуына қарай осы сегментте банктердің кредиттік тәуекелдерді бағалауын көрсетіп отыр.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2017 жылғы 27 қарашада Астана уақыты бойынша 17:00 жарияланады.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

+7 (727) 3302 497

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)